

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Ө. СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМК**

**«БЕКІТЕМІН»**

«Ө. Сұлтанғазин атындағы  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
университеті» ШЖҚ РМК  
Ректоры

Е. Әбіл

18.09.2018 ж.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ҚМПУ Е 47/1**

Көшірме	Код	Басылым	Әзірленді	Келісілді	Келісілді
			А. Ташетов	Н. Медетов	Б.Кадыржанова
	ҚМПУ Е 47/1	бірінші			

**Қостанай  
2018**

«Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК	Мерзімі: 18.09.2018 ж.	Басылым: бірінші
Ғылыми-зерттеу орталығы туралы ереже	ҚМПУ Е 47/1	3 беттің 2-сі

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Ғылыми-зерттеу орталығы Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы бастығының қарамағында.

1.2. Ғылыми-зерттеу Орталығы өз қызметінде ҚР 27.07.2007 жылғы №319 – III "Білім туралы" Заңымен; ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңымен; "Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру ережесімен", Қолданыстағы НҚА, сондай-ақ университет Жарғысымен және Нақты Ережесімен басшылыққа алады.

1.3. Ғылыми-зерттеу орталығын жоғары оқу орнында ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті оқытушылар арасынан ректор тағайындайтын жетекші басқарады.

1.4. Ғылыми-зерттеу орталығының құрылымы мен құрамы университеттің штаттық кестесімен анықталады.

## **2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР МЕН ФУНКЦИЯЛАР**

### **Ғылыми-зерттеу орталығының негізгі міндеттері:**

2.1. Университет студенттері мен қызметкерлерін ғылыми құрылымдарға қосу арқылы ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың барлық түрлеріне бірлесіп қатысуға тарту.

2.2. Студенттердің стартап-инновациялық жобаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға, студенттік ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуын ұйымдастыру.

2.3. Университет бөлімшелерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын үйлестіру

2.4. Университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері арасында ғылыми зерттеулер, стартап-инновациялық жобалар мен инновациялық әзірлемелер бойынша ақпарат пен білімді тарату үшін Интернет және әлеуметтік желілер құралдарын пайдалану

2.5. Ғылыми және инновациялық өнімдерді жасау және жүзеге асыру мақсатында іргелі және қолданбалы зерттеулерді, технологиялық және басқа да әзірлемелерді орындау мәселелері бойынша университет бөлімшелерінің келісілген жұмысын қамтамасыз ету

2.6. Ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің бағыттары бойынша белгіленген есептілік нысандарын уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету.

## **3. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

3.1. Ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлерінің құқықтары мен жауапкершілігі университет ректоры бекіткен лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

«Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК	Мерзімі: 18.09.2018 ж.	Басылым: бірінші
Ғылыми-зерттеу орталығы туралы ереже	ҚМПУ Е 47/1	3 беттің 3-сі

### 3.2. Орталық жауапкершілігі:

- ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің сапасы мен уақтылы орындалуы;
- ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлерінің еңбек тәртібін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын сақтауы
- ғылыми-зерттеу орталығында жедел және сапалы дайындықты, сондай-ақ құжаттарды орындауды, қолданыстағы нұсқаулықтар мен ережелерге сәйкес, оның ішінде компьютерлік технологияларды пайдалана отырып іс жүргізуді ұйымдастыру.
- қызметтік ақпаратты және құпия мәліметтерді, оның ішінде жеке сипаты бар мәліметтерді жария етпеу жағдайларын қамтамасыз ету
- ғылыми-зерттеу орталығына бекітілген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау
- бекітілген номенклатураға және жоғары оқу орындарында іс жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуі тиіс құжаттама

## 4. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

4.1. Ғылыми-зерттеу орталығы университет бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

- университет бөлімшелерінің ғылыми-әдістемелік жұмысы туралы мәліметтер алу
- университет қызметкерлерінің ғылыми жобалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарына қатысуы туралы мәліметтер алу
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізуді жоспарлау туралы ақпарат алу
- конференцияларды, семинарларды және т. б. жоспарлау және өткізу туралы ақпарат алу.
- есепті материалдарды жасау үшін қажетті мәліметтерді алу
- ғылыми-зерттеу орталығының қызметі үшін қажетті құжаттаманы және басқа да ақпаратты алу

## 5. ЛИКВИДАЦИЯ

5.1. Ғылыми-зерттеу орталығы ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен немесе университет таратылған жағдайда жойылады.